

Қаржы шығынына лимит белгілеу арқылы жергілікті бюджеттерінің есебінен ұсталатын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландыру нұсқауын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі 1996 жылғы 2 желтоқсан N 264. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 11 желтоқсанда N 231 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 469 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 469 бұйрығымен .

ЕСКЕРТУ. Атауы өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17 наурыздағы N 126 V001111_ бұйрығымен .

1. 1997 жылдың 1-қаңтарынан бастап қаржы шығынына лимит белгілеу арқылы жергілікті бюджеттерінің есебінен ұсталатын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландыру нұсқауы бекітілсін және күшіне енсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17 наурыздағы N 126 V001111_ бұйрығымен .

2. Осы нұсқаудың берілуіне байланысты келесі нормативті документтер күшін ж о й с ы н :

- қаржы министрлігінің бұйрығы бойынша 1979 жылы 31 қаңтарда бекітілген ереженің 10 тарауының N 8 бөлімі, "Жергілікті бюджеттің қаржы шығындары" деп аталатын 5 кіші бөлімдерінің 194, 195, 197, 210 тармақшалары.

- Қазақ ССР-ы қаржы министрлігінің 1980 жылы 6 наурызда шыққан N 20 бұйрығы бекіткен "Орындалу барысында өзгертілген бюджет шығындарын есептеу және шығындарды қаржыландыруға байланысты жылдық жергілікті бюджетті тоқсан сайын бөлу туралы" нұсқаудың "Бюджет бойынша қаржыландыру" тарауының 34-38, 52, 53 тармақшалары.

- Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің 1992 жылы 1 шілдеде шыққан N 24 жергілікті бюджеттің финанс органдарында орындалуының бухгалтерлік есебінің нұсқауындағы 2 тараудың "Ағымдағы шоттардың шот жоспары, шоттардың мазмұны мен түрі" деген 2.4. тармақтың 2-5, 8 азат жолдары, 3 тараудың "құжаттарды тіркеу тәртібі" бөлімінің 3.2. және 3.3. т а р м а қ ш а л а р ы .

Министрдің бірінші орынбасары

**Жергілікті бюджеттерде тұратын мемлекеттік мекемелерді
қаражат жұмсауға шектеме қою жолымен қаржыландыру
ж ө н і н д е г і**

НҰСҚАУЛЫҚ

**ЕСКЕРТУ. Атауы өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17
наурыздағы N 126 V001111_ бұйрығымен .**

I. Жалпы ереже

1. Бұл Нұсқаулық жергілікті бюджетте тұратын мемлекеттік мекемелерді шығындардың түрлері бойынша жергілікті бюджеттің қаражатын жұмсауға шектеме қою жолымен қаржыландырудың тәртібін айқындайды. <*>

**ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17
наурыздағы N 126 V001111_ бұйрығымен .**

II. Бюджеттік қаржыларды бөлу

2. Жергілікті бюджеттер бойынша шығыстарды қаржыландыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 16 ақпандағы N 255 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге арналған бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын (мерзімді және жылдық) жүргізу жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес жасалған тиісті бюджеттердің кірістері мен шығыстарының тізімдемесі негізінде жү р г і з і л е д і .

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2000
жылғы 17 наурыздағы N 126 V001111_ бұйрығымен .**

3 . < * >

**ЕСКЕРТУ. 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы
17 наурыздағы N 126 V001111_ бұйрығымен .**

III. Қаржылық рұқсаттар беру

4. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстарын уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, жергілікті бюджеттің қалыптастырылуын және атқарылуын жүзеге асыруға жергілікті атқарушы орган уәкілеттік берген атқарушы орган (бұдан әрі - жергілікті қаржы органы) жергілікті бюджеттердің шоттарына іс жүзінде түсетін ақшаның сомасын, секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың көлемдерін, жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету және оны өтеу

жөніндегі шығыстардың көлемдерін және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік қаржы бөлудегі айлық қажеттілігін ескере отырып, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әрбір әкімшісі бюджеттік бағдарлама, кіші бағдарлама және ерекшелік бойынша тиісті жергілікті бюджеттің шығыстарын қаржыландырудың ағымдағы лимиттерін айқындайды. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17 наурыздағы N 126 V001111_ б ұ й р ы ғ ы м е н .

5. Қаржыландыру лимиттерінің негізінде жергілікті қаржы органы жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне 1МБР (1-қосымша) немесе 1 МБЗ (2-қосымша) нысаны бойынша қаржылық рұқсат жазып береді. Рұқсаттарда бірыңғай бюджеттік жіктеме кодтарына: бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне, бағдарламаға, кіші бағдарламаға және ерекшелікке сәйкес шығыстардың әрбір түрі бойынша бекітілген лимиттер айқындалады.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 1997.02.26. N 49 б ұ й р ы ғ ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17 наурыздағы N 126 V001111_ б ұ й р ы ғ ы м е н .

6. I-ЖБШ үлгісіндегі қаржылық рұқсаттар мемлекеттік мекемелерге лимиттерді ішкі ведомстволық мемлекеттік мекемелерге одан әрі бөлу үшін б е р і л е д і . < * >

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17 наурыздағы N 126 V001111_ б ұ й р ы ғ ы м е н .

7. I-ЖБЖ үлгісіндегі қаржылық рұқсаттар қаржылары тікелей Мемлекеттік мекеменің өзі үшін бөлу лимиттерін айқындайды. <*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17 наурыздағы N 126 V001111_ б ұ й р ы ғ ы м е н .

8. Қаржылық рұқсаттар арналып берілген қаржылық жыл бойында ғана күшін сақтайды яғни қаржылық рұқсаттар мен айқындалған бюджеттік үлестерді ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін пайдалануға болады және олар көрсетілген тоқсандар мен немесе айлармен шектелмейді.

9. Қаржылық рұқсаттар (1 МБР, МБЗ нысандары) үш данада толтырылады, біреуі жергілікті қаржы органында қалады және бір-бір данадан жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне және Қазынашылық комитетінің тиісті аумақтық органына жіберіледі. <*>

ЕСКЕРТУ. 6-7-9-тармақтар өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 1997.02.26. N 49 б ұ й р ы ғ ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2000

9-1. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген көлемнің шегінде және кірістер мен шығыстар тізімдемесінің негізінде бюджеттік алулардың сомаларын облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджеттің кіріс шотына аудару үшін облыстық, Астана және Алматы қалаларының Қазынашылық басқармаларының басшылары қолы қойған облыстық, Астана және Алматы қалаларының Қазынашылық басқармалары 1 МБЗ нысаны бойынша қаржылық рұқсат жазып береді және алулардың сомаларын мемориалдық ордермен заңдарда белгіленген тәртіппен облыстық, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің шотынан есептен шығарады. Бұл құжаттардың көшірмелері облыстық, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органына б е р і л е д і .

Бюджеттік алулар сомаларын тиісті қаржы жылына арналған тиісті жергілікті өкілді органдардың рұқсаттарында бекітілген көлемнің шегінде және кірістер мен шығыстар тізімдемесінің негізінде аудандардың және қалалардың бюджеттерінен облыстық бюджеттің кіріс шотына аударуды жергілікті қаржы органының басшысы қол қойған 1 МБЗ нысанының қаржылық рұқсаты және бюджеттік алуларды аудандық және қалалық бюджеттерден облыстық бюджетке аударуға арналған төлем тапсырысының негізінде Қазынашылықтың аудандық және қалалық басқармалары жүргізеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17 наурыздағы N 126 V001111_ бұйрығымен .

IV. Қаржылық рұқсаттарды қайта қарау

10. Қаржылық шешімді, айырмалар бойынша пайдаланылмаған лимиттердің қалдығы шегінде басқа қаржылық рұқсат беру жолымен ғана, өзгертуге болады. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі лимиттің өзгертілу себептерін (бір айырма бойынша шығыстардың күтілімді өсімі және басқалар бойынша шығыстардың азаюы; құрылымдық өзгерістер жағдайында; бағдарлама өзгерген жағдайларда, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыруды бір бюджеттен басқасына ауыстырған кезде және басқа себептерді) түсіндіріп, жергілікті қаржы органына хат тапсырады. <*>

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17 наурыздағы N 126 V001111_ бұйрығымен .

V. Бюджеттік рұқсаттар беру

11. Мемлекеттік мекеме, жергілікті қаржы органдары оған өз қарамағындағы мемлекеттік мекемелерге лимиттерді бөліп беру өкілеттігін берген болса, ол бюджеттік рұқсаттарды 2-ЖБ (3-қосымша) үлгісі бойынша жазады. <*>

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17

наурыздағы N 126 V001111_ бұйрығымен .

12. І-ЖБШ үлгісі бойынша қаржылық рұқсат алғаннан кейін жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі 3-ЖБ (4-қосымша) үлгісіндегі лимиттердің бөлінуін бақылау карточкаларын пайдаланады. Бақылау карточкаларында ішкі ведомстволық мемлекеттік мекемелер арасындағы, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісін де қоса, нақты айырма бойынша лимиттің барлық сомасының бөлінуі көрсетіледі. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі лимиттерді олардың жылдық үлестері шегінде, қаржылық рұқсатта бекітілген айырма бойынша лимиттен шықпастан, ішкі ведомстволық ұйымдар арасында бөлуге тиіс. <*>

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17 наурыздағы N 126 V001111_ бұйрығымен .

13. Лимиттердің бөлінісі жүргізіліп, қаржылық рұқсаттарда айқындалған бақылау сомалары салыстырылғаннан кейін; жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мекемелер, бағдарламалар, ішкі бағдарламалар және экономикалық сыныптама айырмалары бойынша 2-ЖБ (3-қосымша) үлгісімен бюджеттік рұқсаттар жазады. 2-ЖБ үлгісі бойынша бюджеттік рұқсаттарда бекітілген, әрбір айырма бойынша лимиттердің жалпы сомасы, жергілікті қаржы органының осы айырмалар бойынша қаржылық шешімдерде (І-ЖБШ) айқындалған лимиттердің сомасынан артпауға тиіс. <*>

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17 наурыздағы N 126 V001111_ бұйрығымен .

14. Бюджеттік рұқсаттар (2-ЖБ үлгісі) үш дана етіп толтырылады, оның біреуі жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінде қалады, тиісті мемлекеттік мекемеге және Қазынашылық комитетінің тиісті аумақтық органына бір-бір дана дан беріледі. < * >

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17 наурыздағы N 126 V001111_ бұйрығымен .
1 5 . < * >

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17 наурыздағы N 126 V001111_ бұйрығымен .

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі жанындағы
Қазынашылық бастығының орынбасары
К е л і с і м і н :

Қазақстан Республикасының
Бюджет банкі басқармасының

төрағасы

1 Қосымша <*>

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің
2000 жылғы 17 наурыздағы N 126 V001111_ бұйрығымен .

ЖБШ үлгісі

Қ А Р Ж Ы Л Ы Қ Р Ұ Қ С А Т N ____

К ү н і _ _ _ _ _

Кімге _____

(а л у ш ы н ы ң а т а у ы)

Осы рұқсаттың күшіндегі мерзімі 199__ж 31 желтоқсанына дейін

Сізге бюджеттік қаржыларды _____ қаржылық жылға арналған
лимиттерді ішкі ведомстволық мемлекеттік мекемелерге бөліп беруге
р ұ қ с а т е т і л е д і

Ж е р г і л і к т і қ а р ж ы
органының басшысы _____

(қ о л ы)

Өлшем бірлігі _____ теңге _____

Бюджеттік сыныптаманың к о д ы	Жылдың жоспарлы рұқсаты	Алдын ала рұқсат	Ағымдағы рұқсат	Жыл басында рұқсат	Ескерту берілген р ұ қ с а т
--------------------------------------	----------------------------	---------------------	--------------------	-----------------------	------------------------------------

1	2	3	4	5	6

Б а р л ы ғ ы					
---------------	--	--	--	--	--

Қаржылық рұқсат жазылды _____

(парақтардың саны - цифрлармен және жазба)

Жалпы сомасы, 5-нші графа _____

(сомасы цифрлармен және жазбаша)

Бөлім бастығының қолы _____

Жауапты орындаушының қолы _____

"ҚАРЖЫ РҰҚСАТЫНЫҢ" ЖБШ ҮЛГІСІН ТОЛТЫРУ ТӘРТІБІ

1 МБР нысаны бойынша қаржылық рұқсатты жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне олар бюджеттік ақшаның лимиттерін ведомстволық бағыныстағы мекемелерге одан әрі бөлу үшін тиісті жергілікті атқарушы орган жазып береді. Әрбір мемлекеттік мекемеге жергілікті қаржы

органы әзірлеген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің анықтамалығында көрсетілген жеке жеті мәнді код беріледі. <*>

Қаржы рұқсатын толтыруда мынадай тәртіптерді ұстану керек:

- алғашқы жеті сан бюджетті мемлекеттік мекемеге берілген кодты білдіреді және көлбеу сызықша арқылы қаржы рұқсатының реттік саны қойылады. <*>

1-бағанға шығыстар жүргізуге рұқсат етілген бюджеттік жіктеудің көрсеткіштері толтырылады (мекеме - 3 таңба, бағдарлама - 2 таңба, кіші бағдарлама - 2 таңба, ерекшелігі - 3 таңба).

2-бағанға 1 жылға рұқсат етуге жоспарланған сома көрсетіледі. Бұл сома осы специфика сметасы бойынша бекітілген сомаға сәйкес келуі керек.

3-бағанға соңғы рұқсатқа дейін бөлінген қаржы көрсетіледі. Алғашқы рұқсат нөлге теңестіріледі және ол баған толтырылмайды. Одан кейінгі рұқсаттарда бұл баған мұның алдындағы рұқсаттың 5 бағанының сомасына теңестіріледі.

4-бағанға белгілі бір күндегі бюджеттік қаржының лимиттік сомасын көрсетеді. Бірінші рұқсатты беруде бұл сома және жыл басынан бергі сома рұқсаты (5 баған) тең болады.

5-баған жыл басынан бергі рұқсат етілген сомалардың лимитін көрсетеді.

Қаржы рұқсатының лимиттері қайта қаралған жағдайда былайша толтырылады: 4-бағанда теріс немесе оң таңбалы аударылатын сомаға сәйкес көрсетіліп, 5-бағанда соған сәйкес сомасы да өзгереді.

Рұқсат жазылған әр парақ толғанда нөмірленуі, парақ бойынша 5-бағанның жиыны қорытындыланып жауапты атқарушының қолымен бекітілуі керек. Соңғы парақта "Қаржы рұқсаты 5-бағандағы жалпы сомаға (сома санмен және жазумен жазылып көрсетіледі) жазылды (парақтардың қаншалығы санмен және жазумен жазылып көрсетіледі)" деп жазылады.

Одан әрі бұл рұқсатты берген жауапты атқарушының қолы, бөлім жетекшісінің қолы қойылады және дайын болған құжат жергілікті қаржы органы басшысының қол қоюына ұсынылады. <*>

"Қаржы рұқсаты" - МБР-СУБВ кестесін толықтырудың тәртібі

МБР-СУБВ кестесі бойынша мекемелерге қаржы рұқсаты республикалық немесе облыстық бюджеттен мақсатты субвенция түрінде берілген, бюджет мекемелері арасында лимитті бөлуге құқық алған тиісті қаржы органдары арқылы бөлінеді. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық қаржы органдары ұйымдарының анықтамасында көрсетілген әр мекемеге жеті саннан тұратын жеке код беріледі.

1 МБР СУБВ формасын бекіту және қол қою, толтыру тәртібі 1 МБР

формасының тәртібіне сәйкес.

ЕСКЕРТУ. Қосымша толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 1997.02.26. N 49 V970039_ бұйрығымен.

Ж Б Ш І үлгісіне

2 қосымша <*>

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17 наурыздағы N 126 V001111_ бұйрығымен.

ҚАРЖЫ РҰҚСАТЫ N _____

К ү н і _ _ _ _ _

Кімге _____

(а л у ш ы н ы ң а т а у ы)

Сізге _____ қаржы жылына белгіленген лимиттердің шегінде шығыстар
ж ұ м с а у ғ а р ұ қ с а т е т і л е д і

Бұл рұқсаттың әрекет ету мерзімі 199_ жылдың 31 желтоқсанына дейін
Сізге осы рұқсатпен белгіленген лимит шегінде бюджет қаржыларының
есебінен шығыстар бойынша өзіңізге қаржы міндеттемесін алуға рұқсат
етіледі

Ж е р г і л і к т і қ а р ж ы
органының басшысы _____

(қ о л ы)

Өлшем бірлігі: _____ теңге _____

Бюджеттің жіктелу коды	I жылға жоспарланған рұқсат	Алдын ала рұқсат	Ағымдағы рұқсат	Жыл басынан бергі етілген р ұ қ с а т	Ескерту
------------------------------	---------------------------------------	-----------------------	----------------------	--	---------

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

Б а р л ы ғ ы					
---------------	--	--	--	--	--

Қаржы рұқсаты жаздырылды, атына _____
(парақтардың қаншалығы санмен және
ж а з у м е н)

5-бағандағы жалпы сомаға _____

(сомасы цифрлармен және жазбаша)

Бөлім бастығының қолы _____

Жауапты атқарушының қолы _____

"ҚАРЖЫ РҰҚСАТЫНЫҢ" ЖБШ ҮЛГІСІН ТОЛТЫРУ ТӘРТІБІ

1 МБЗ нысанының қаржылық рұқсатын тиісті қаржы органы жазып береді. Осы орган қаржыландыратын әрбір мемлекеттік мекемеге жергілікті қаржы органы әзірлеген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің анықтамалығында көрсетілген жеке жеті мәнді код беріледі. <*>

Қаржы рұқсатын толтыруда мынадай тәртіптерді ұстану керек:

- алғашқы жеті сан бюджеттік мемлекеттік мекемеге берілген кодты білдіреді және көлбеу сызықша арқылы қаржы рұқсатының реттік саны қойылады. <*>

1-бағанға шығыстар жүргізуге рұқсат етілген бюджеттік жіктелудің көрсеткіштері толтырылады (мекеме - 3 таңба, бағдарлама - 2 таңба, кіші бағдарлама - 2 таңба, ерекшелігі - 3 таңба).

2-бағанға 1 жылға рұқсат етуге жоспарланған сома көрсетіледі.

3-бағанға соңғы рұқсатқа дейін бөлінген қаржы көрсетіледі. Ағымдағы жылы берілген алғашқы рұқсат нөлге теңестіріледі, және ол баған толтырылмайды. Одан кейінгі рұқсаттарда бұл баған мұның алдындағы рұқсаттың 5 бағанының сомасына теңестіріледі.

4-бағанға белгілі бір күндегі бюджеттік қаржының лимиттік сомасын көрсетеді. Бірінші рұқсатты беруде бұл сома және жыл басынан бергі сома рұқсаты (5 баған) тең болады.

5-баған жыл басынан бергі рұқсат етілген сомалардың лимитін көрсетеді.

Қаржы рұқсатының лимиттері қайта қаралған жағдайда былайша толтырылады: 4-бағанда теріс немесе оң таңбалы аударылатын сома көрсетіліп, 5-бағанда соған сәйкес сомасы да өзгереді.

Рұқсат жазылған әр парақ толғанда нөмірленуі, парақ бойынша 5-бағанның жиыны қорытындыланып жауапты атқарушының қолымен бекітілуі керек. Соңғы парақта "Қаржы рұқсаты 5-бағандағы жалпы сомаға (сома санмен және жазумен жазылып көрсетіледі) жазылады (парақтардың қаншалығы санмен және жазумен жазылып көрсетіледі)" деп жазылады.

Одан әрі бұл рұқсатты берген жауапты атқарушының қолы, бөлім жетекшісінің қолы қойылады және дайын болған құжат жергілікті қаржы органы басшысының қол қоюына ұсынылады.

"Қаржы рұқсаты" - МБЗ-СУБВ кестесін толтырудың тәртібі

МБЗ-СУБВ қаржы рұқсаты формасы тиісті қаржы органдары арқылы беріледі. Мақсатты субвенцияның лимиттері бөлінген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстық қаржы органдары ұйымдарының анықтамасында

көрсетілген әрбір мекемеге жеті саннан тұратын код беріледі.

1 МБР СУБВ формасын бекіту және қол қою, толтыру тәртібі 1 МБЗ формасының тәртібіне сәйкес. <*>

ЕСКЕРТУ. Қосымша толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 1997.02.26. N 49 V970039_ бұйрығымен .

Қосымша 3

Үлгісі ЖБ <*>

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17 наурыздағы N 126 V001111_ бұйрығымен .

БЮДЖЕТТІК РҰҚСАТ N _____

_____ күні

Кімге _____

Ведомствоның қарауындағы алушы ведомствоның аты _____

ведомствоның қарауындағы алушы ведомствоның тұрған жері
Рұқсат беруші мекеме _____

Осы рұқсаттың күші 199__ж. 31 желтоқсанға дейін жүреді

Шығындар бойынша қаржы міндеттемесін Сізге алуға рұқсат берілген

Осы рұқсатпен тағайындалған лимиттің көлемінде бюджеттен

қ а р ж ы л а н д ы р у е с е б і н е н

Рұқсат берген бастық, мекеменің төрағасы _____

қ о л ы

Берілетін қаржының көлемі: _____теңге _____

Бюджет кодының жіктелуі	Жыл бойынша жоспарлануы	Бұрын рұқсат берілгені	жыл басынан рұқсат берілген рұқсат	Ескерту
-------------------------------	----------------------------	------------------------------	---	---------

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

Б а р л ы ғ ы					
---------------	--	--	--	--	--

Бюджеттік рұқсат жазылған _____

(беті жазбаша және санмен)

5 графадағы жалпы сома _____

(сомасы жазбаша және санмен)

Бөлім бастығының қолы _____

Жауапты атқарушының қолы _____

" Б ю д ж е т т і к р ұ қ с а т "

2ЖБ үлгісі бойынша

Мемлекеттік мекемеге бюджеттік рұқсаттар өздерінің ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері үшін жазып беріледі. Әрбір мемлекеттік мекемеге жергілікті қаржы органы әзірлеген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің анықтамалығында көрсетілген жеке жеті мәнді код беріледі. <*>

"Бюджеттік рұқсатты" толтырғанда мыналарды ескеру қажет:

- Бірінші жеті сан мемлекеттік мекемеге берілген кодты анықтайды, содан кейін сызықша арқылы қаржыландыру рұқсатының реттік саны қойылады.

1-інші бөлімде (графада) бюджеттік жіктелудің көрсеткіштері толтырылады (мекеме, бағдарлама, ішкі бағдарлама, өзгешеліктері), осылар арқылы шығындар ж а б у ғ а р ұ қ с а т е т і л е д і .

2-інші бөлімде (графада) жыл бойына жасалатын шығынның сомасы көрсетіледі, бірақ ол сол ерекшелік бойынша жасалған сметаның көлемінен а с п а у ғ а т и і с .

3-бөлімде (графада) соңғы рұқсатқа дейін көрсетілген қаржы көрсетіледі. Бірінші рет толтырылғанда бұл бөлімде ноль (0) тұрады. Келесі толтырылымдарда бұл бөлімнің сомасы осының алдындағы бесінші бөлімнің с о м а с ы н а т е ң б о л а д ы .

4-інші бөлім белгілі бір күнге бюджеттен қаржыландырудан бөлінген соманың лимитін көрсетеді. Бірінші рұқсатты бергендегі сома мен жыл басында рұқсат берілген сома (5-інші бөлім) т е ң болады.

5-інші бөлім (графа) жыл басынан бері рұқсат етілген соманың лимитін к ө р с е т е д і .

Лимиттер қайта қаралған жағдайда рұқсат былайша толтырылады:

Бюджет рұқсатының күші жойылғанда жаңа рұқсат беріледі ол пайдаланылмаған лимиттің көлемінде 4-інші бөлімнің пайдасыз сомасына берілген р ұ қ с а т т ы көрсетеді.

Бюджеттік рұқсат берілген әрбір бет нөмірленеді, 5-інші бөлімнің шығарылған әрбір есебі атқарушы адамның қолы қойылып расталады. Соңғы бетке мынадай мәтін жазылады: Мынадай сомаға (беттің көлемі санмен және жазбаша көрсетіледі) _____ жалпы сомаға (бесінші бөлімдегі сома санмен және жазбаша көрсетіледі) бюджеттік р ұ қ с а т ж а з ы л ғ а н .

Бұдан әрі қарай жауапты атқарушының, бюджет мекемесінің бөлім

Қ о с ы м ы ш а 4

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 17 наурыздағы N 126 V001111_ бұйрығымен .

Рет	Ағымдағы	Жыл	Рет	Ағымдағы	Жыл ба.
саны	рұқсат	басындағы	саны	рұқсат	сындағы

2 - і н ш і б о л і м

1	2	3	4
Б а р л ы ғ ы			

Рұқсаттың рет саны

Бюджет рұқсатының рет саны	Ағымдағы рұқсаттың рет саны	Жыл басындағы сома	Бюджет рұқсатының рет саны	Ағымдағы рұқсаттың рет саны	Жыл басындағы сома
5	6	7	8	9	10
Б а р л ы ғ ы					

ЖБЖ үлгісін толтыру тәртібі лимитті бөлуді бақылаудың карточкасы

Лимитті бөлуді бақылаудың карточкасын өзіне қарасты мемлекеттік мекемелер қаржыландыру рұқсатын алған мемлекеттік мекемелер жүргізеді. (І ЖБШ үлгісі). Қаржыландырылатын жыл үшін әрбір шығынның түріне қарай жеке карточка жүргізіледі.

Бұл карточкада 1 бөлім қаржы рұқсатын тіркеу үшін, бұл жоғарғы бөлікте көрсетілген. Мұндай тағы да үш бөлім (графа) бар. 1-бөлімде І ЖБШ үлгісі бойынша қаржы рұқсатының реттік саны көрсетілген. 2-бөлімде рұқсат етілген соманың көлемі көрсетіледі, ал 3-бөлімде жылдың басындағы өзгерістерді есепке алғанда екшелген соманың көлемі көрсетіледі.

2-тарауды толтыру үшін мәліметтер бюджет рұқсатынан (2ЖБ үлгісі) алынады. Осы тараудың 1-бөлімінде мемлекеттік мекемелері берген реттік сан көрсетіледі.

2-бөлімде рұқсаттың реттік саны көрсетіледі.

3-бөлімде ағымдағы рұқсаттың реттік саны көрсетіледі.

4-бөлім жыл басынан бергі соманы көрсетеді.

2-тараудың 3-бөліміндегі жолдың сомасы рұқсат берілген 2-тараудың 1-бөліміне сай келуге тиіс. 4 тараудың 2 бөліміндегі жолдың сомасы І-тараудың 3-бөліміндегі сомаға сәйкес келуге тиіс.